

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Пайдаланылмаған кезде және тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті!

Бұл құрылғы электрмен жұмыс істейтіндіктен, электр тогына түсу қауіпін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан, мына жерде берілген қауіпсіздік жайлы ұсыныстарды ескеріңіз:

- қолдарыңыз немесе аяқтарыңыз ылғал болған кезде құрылғыны ұстамаңыз;
- сым ашасын ылғал қолмен ұстамаңыз;
- Ашаны кез келген уақытта суырып алу үшін пайдаланылатын розетка қол жететін жерде болғаны жөн.

- Ашаның өзінен ұстап тарту арқылы ашаны розеткадан суырыңыз. Қуат кабелінен ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толығымен ажыратып тастау үшін ашаны розеткадан суырыңыз.
- Егер құрылғы сынған болса, оны жөндеуге әрекеттенбеңіз. Оны өшіріп, розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғының сыртқы бөліктеріне кез келген тазалау операцияларын орындамас бұрын, құрылғыны өшіріп, ашаны розеткадан суырыңыз да, құрылғыны суытып алыңыз.

Маңызды:

Орам материалдарын (полиэтилен қалталары, кеңейтілген полистирен) балалардан аулақ ұстаңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында бу қалыптасуы мүмкін. Ыстық су шашырандылары немесе бу сізге тиіп кетпесін.

Өз мақсатына сай пайдалану

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған. Барлық басқа қолданыс дұрыс емес болып табылады. Бұл құрылғы коммерциялық қолданысқа жарамайды. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулары

Құрылғыларды пайдаланбас бұрын мына нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқауларды елемеу адамдарды жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеуден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.

Ескеріңіз:

Осы нұсқаулықтарды жақсылап сақтап қойыңыз. Егер құрылғыны басқа адамдарға беру керек болса, осы нұсқауларды олармен бірге беру керек.

Ескеріңіз: алғаш рет пайдалану

Алғаш рет пайдаланған кезде, құрылғының ішкі жолдарын шайыңыз және құрылғыны біреу кофені жасау үшін кемінде бір ыдыс суды босатқандай етіп пайдаланыңыз, сосын кофе жасауды жалғастырыңыз.

Құрылғыны басқару

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз.

Бұл құрылғыда зақымданған жерлер болса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi сатудан кейінгі қызметімен хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(мына беттегі суретке қараңыз: 3).

Төмендегі терминология төмендегі беттерде қайталанып пайдаланылатын болады.

- 1 Ұнтақ кофеге арналған сүзгі ұстағышы
- 2 2 кеселік ұнтақ кофеге арналған үлкен сүзгі
- 3 1 кеселік ұнтақ кофеге арналған шағын сүзгі
- 4 Бу тетігі
- 5 Басқыш
- 6 Кесе науасы
- 7 Қуат кабелі
- 8 Температураның ОК шамы (кофе/ыстық су немесе бу)
- 9  шамы (құрылғы іске қосылған)
- 10 Функция таңдау тетігі
- 11  кофе/ыстық су ағызу үшін бағыттаңыз
- 12 Өшіру орны
- 13 Бу орны
- 14 Кофе өлшеуіш
- 15 Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі
- 16 Бу/ыстық су түтігі
- 17 Капучино жасағыш
- 18 Су ыдысы
- 19 Су ыдысының қақпағы

ОРНАТУ

- Орамды ашқан соң, өнімнің зақымданбағанын және бөлшектерінің толықтығын тексеріңіз. Күдіктенсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз және тек білікті қызметкермен ғана хабарласыңыз.
- Орам материалдарын (пластик қалталар, полистирен көбігі және т.б.) балалардан аулақ ұстаңыз, себебі олар қауіпті.
- Құрылғыны су шүмектерінен, жуыну ыдыстарынан және ыстық нәрселерден алшақ жерге орналастырыңыз.
- Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 5 см, ал кофе жасағыштың үстіне 20 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыны температурасы 0°C не одан төмен болатын жерлерге орнатпаңыз (егер су қатып қалса, құрылғы зақымдануы мүмкін).
- Розетка қуаты кернеуінің құрылғының мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен түйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Розетканы дұрыс жерге түйықтамау салдарынан болуы мүмкін жағымсыз жағдайлар үшін ақаулық үшін өнім жасаушысы жауапты болмайды.

- Егер құрылғыға бекітілген қосқыш аша розеткаға сай болмаса, розетканы жарамды розеткамен білікті маманға ауыстыртыңыз.
- Осы құрылғының қуат кабелін пайдаланушы өзі ауыстырмауы керек, себебі бұл операция арнайы құралды пайдалану қажет болуы мүмкін. Егер кабель зақымданса немесе оны ауыстыру керек болса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін уәкілетті қызмет орталығымен хабарласыңыз.
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар директивасына сәйкес.

ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

СУ ЫДЫСЫН ТОЛТЫРУ

1. Су ыдысының қақпағын (1-сурет) ашып, ыдысты жоғары қарай тартып алыңыз (2-сурет).
2. Ыдысты таза сумен МАХ белгісінен асырмай толтырыңыз (3-сурет). Ыдысты орнына салып жатқан кезде ыдыстың түбінде орналасқан клапанды ашу үшін оны жайлап басып салыңыз.
3. Ыдысты сумен толтырудың ең қарапайым жолы – оны шығарып алмай, құтымен тікелей су құю.

МАҢЫЗДЫ: Ыдыстың астында аз ғана су қалса, бұл – қалыпты жағдай. Сондықтан, оны таза губкамен тұрақты түрде мұқият құрғатыңыз.

Ескеріңіз: Бұл құрылғыны ыдыста су болмайынша пайдаланбаңыз және судың деңгейі ыдыстың түбіне дейін екі сантиметр қалған кезде оны толтыруды ұмытпаңыз.

КОФЕ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ

Эспрессо кофесін тиісті температурада алу үшін, кофе құрылғысын алдын ала қыздыру керек. Таңдағыш тетігін  бағытына (4-сурет) кофе жасауға дейін кемінде 15-30 минут бұрын бұраңыз, сол кезде сүзгі ұстағыштың

құрылғыға бекітілгеніне көз жеткізіңіз (бу тетігінің жабылғанын тексеріңіз).

Сүзгі ұстағышты бекіту үшін, оны қайнатқыш бөліктің шығыс түтігінің астына сапты солға қарай қаратып (5-суретті көріңіз) қойып, оны жоғары қарай итеріңіз және бір уақытта сапты оңға қарай бұраңыз. Мықтап бұраңыз.

Жарты сағат күтіп, кофені төмендегі бөлімде сипатталғандай етіп жасаңыз.

Болмаса, алдын ала қыздыруды мынау сияқты жылдам әрекетпен орындауға болады:

1. Таңдағыш тетікті  бағытына (4-сурет) бұрау арқылы құрылғыны іске қосыңыз да, сүзгі ұстағышты құрылғыға ұнтақ кофе салмай бекітіңіз.
2. Сүзгі ұстағыштың астына бір кесе қойыңыз. Сол кесені алдын ала қыздыру үшін кофе дайындау мақсатында пайдаланыңыз.
3. ОК индикатор шамының жанғанын (6-сурет) күтіп, таңдағыш тетігін  бағытына (7-сурет) дереу бұраңыз, ОК индикатор шамы жанғанша суды ағызып, таңдағыш тетікті  бағытына (6-сурет) бұрау арқылы тоқтатыңыз.
4. Кесені босатыңыз. ОК индикатор шамы қайта жанғанша күтіп, осы операцияны қайталаңыз.

СҮЗГІ ҰСТАҒЫШТЫ ҰНТАҚ КОФЕГЕ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ӘДІСІ

1. Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай алдын ала қыздырған соң, ұнтақ кофе сүзгісін сүзгі ұстағышқа қойыңыз, сол кезде шығыңқы жер 8-суретте көрсетілгендей саңылауға енгізілгеніне көз жеткізіңіз. Бір кофе жасау үшін шағын сүзгіні, ал екі кофе жасау үшін үлкен сүзгіні пайдаланыңыз.
2. Тек жалғыз кофе жасау үшін, ұнтақ кофенің бір деңгейлік, шамамен 7 грамм мөлшерін сүзгіге салыңыз (9-сурет). Екі кофе дайындау үшін, ұнтақ кофенің екі өлшеуішкебарыншатолтырылған мөлшерін (шамамен 6+6 г) сүзгіге салыңыз. Ұнтақ кофенің шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.

МАҢЫЗДЫ: дұрыс жұмыс істеу үшін, ұнтақ кофені сүзгі ұстағышына енгізу алдында сүзгіні алдыңғы демдеуден қалған кофе қалдықтарынан тазалаңыз.

3. Ұнтақ кофені бір деңгейде жайып, басу жастықшасымен жайлап басыңыз (10-сурет). Ескеріңіз: Жақсы эспрессо алу үшін ұнтақ кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және көпіршік қара болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және көпіршік жеткіліксіз және ашық түсті болады.
4. Сүзгі ұстағыштың жиегіндегі артық кофені алып тастап, сүзгі ұстағышты құрылғыға бекітіңіз. Су ағудың алдын алу үшін мықтап (5-сурет) бұраңыз.
5. Кесені немесе кеселерді (аз мөлшердегі ыстық сумен алдын ала қыздырылғаны жақсы болады) сүзгі ұстағыштың шүмектерінің астына қойыңыз (11-сурет).
6. ОК шамының (6-сурет) жанып тұрғанын тексеріп (егер өшсе, ол жанғанша күтіңіз), тетікті  бағытына (7-сурет) қажетті мөлшер алынғанша бұраңыз. Тоқтату үшін таңдағышты  бағытына (4-сурет) орналастырыңыз. (Кофені бір құйған кезде бір минуттан артық құйып тұрмаңыз).
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

МАҢЫЗДЫ: шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз.

8. Пайдаланылған кофе ұнтақтарын алып тастау үшін, сүзгіні сапқа бекітілген ілмекпен орнына бұғаттап, кофені сүзгі ұстағышты төңкеру және сілку арқылы алып тастаңыз (12-сурет).
9. Құрылғыны өшіру үшін, таңдағыш тетікті "0" бағытына бұраңыз (13-сурет).

МАҢЫЗДЫ: құрылғы бірінші рет пайдаланылған кезде, барлық керек-жарақтар мен ішкі айналымдарды тартылған кофені пайдаланусыз кемінде бес кофе жасау арқылы мұқият жуылуы керек.

КАППУЧИНО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Эспрессо кофесін алдыңғы тарауларда сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз.
2. Таңдағыш тетікті  бағытына (14-сурет) бұраңыз және ОК шамы жанғанша (6-сурет) күтіңіз.

Бұл қайнатқыш ыдыстың бу шығаратындай қолайлы температураға жеткенін көрсетеді.

3. Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Сүт тоңазытқыш температурасында болуы керек (ыстық емес!). Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.

Ескеріңіз: Жартылай майсыздандырылған сүтті тоңазытқыш температурасында сақтау ұсынылады.

4. Сүт құйылған ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз (15-сурет).
5. Капучино жасағышты сүтке шамамен 5 мм батырып, бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы (16-сурет) бұраңыз (тетікті көбірек немесе азырақ бұрау капучино жасағыш шығаратын бу мөлшерін әр түрлі етеді). Сүттің мөлшері одан кейін көбейе бастайды және кілегейлі көрініске айналады.
6. Сүттің мөлшері екі еселенген кезде, капучино жасағышты тереңірек батырып, сүтті қыздыруды жалғастырыңыз (17-сурет). Қажетті температураға қол жеткен кезде (дұрысы – 60°C), бу тетігін сағат тіліне қарсы бұрау және таңдағышты "0" бағытына бұрау арқылы тоқтатыңыз (13-сурет).
7. Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Капучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Ескеріңіз: сүт көпіршіген соң кофені қайтадан жасау үшін, қайнатқыш бөлікті алдымен суытып алыңыз, әйтпесе кофе күйіп кетеді. Салқындату үшін, қайнатқыш бөлік шүмегінің астына бір ыдыс қойып, таңдағышты «кофе» бағытына бұраңыз және суды ОК шамы жанғанша ағызыңыз. Таңдағышты  бағытына қайта бұрау үшін, кофені жоғарыда сипатталғандай етіп жасаңыз.

Ескеріңіз: Буды ең көбі 60 секунд бойы шығару ұсынылады.

МАҢЫЗДЫ: каппутино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалаңыз. Мына әрекетті орындаңыз:

1. бу тетігін бұрау арқылы бірнеше секунд бойы аз ғана бу шығарыңыз (16-сурет).
2. Бу түтігі салқындағанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты сағат тіліне қарсы бұрау арқылы (18-сурет) бұрап ашыңыз және жылы сумен мұқият жуыңыз.
3. Каппучино жасағыштағы 19-суретте көрсетілген үш тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
4. Бу түтігін тазалап жатқан кезде күйіп қалудан сақ болыңыз.
5. Каппучино жасағышты орнына қайта бұрап салыңыз.

ЫСТЫҚ СУ ШЫҒАРУ

1. Таңдағыш тетікті  бағытына бұрау арқылы құрылғыны іске қосыңыз (4-сурет).
2. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
3. ОК индикатор шамы жанған кезде, таңдағыш тетікті  бағытына (7-сурет) бұраңыз және сол уақытта бу тетігін бұраңыз (16-сурет). Каппучино жасағыштан ыстық су ағады.
4. Ыстық суды тоқтату үшін бу тетігін сағат тілі бағытымен бұрап, таңдағыш тетікті "0" (14-сурет) бағытына орналастырыңыз (ыстық суды бір құйған кезде бір минуттан артық құйып тұрмаңыз).

Ескеріңіз: Суды ең көбі 60 секунд бойы құю ұсынылады.

ТАЗАЛАУ



Қауіпті! Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.

Сүзгіні тазалау және күтіп ұстау

Әрбір 200 кофе жасау кезеңінен кейін, сүзгілерді былай тазалап отыру керек:

- Сүзгі қақпағын сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы алыңыз (20-сурет).
- Көпірткішті қақпағы бар шетінен итеру арқылы ыдыстан шығарыңыз.
- Аралық тығыздағышты алып тастаңыз.
- Барлық бөлшектерін шайыңыз және металл сүзгіні щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз (21-сурет). Металл сүзгідегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (21-суретті көріңіз).
- Сүзгі мен аралық тығыздағышты пластмасса дискіге 22-суретте көрсетілгендей етіп орындарына салыңыз. Инені пластмасса дискідегі аралық тығыздағыштағы тесікке 22-суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Құрасытылған құрылғыны ыдысқа салып (23-сурет), иенің тіректегі тесікке енгізілгеніне көз жеткізіңіз (23-суреттегі көрсеткіге қараңыз).
- Соңында қақпақты бұрап салыңыз (24-сурет).

Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 300 кофе жасау кезеңінен кейін, қайнатқыш бөлігінің тесігін былай тазалап отыру керек:

- Құрылғының ыстық еместігіне және оның розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз;
- Бұрауышты пайдалану арқылы эспрессо қайнату бөлігі тесігін бұрап алыңыз (25-сурет);
- Қайнатқыш бөлік шүмегін шешіп алыңыз;
- Қайнатқыш бөлікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз (26-сурет);
- Шығыс тесікті щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (27-сурет).
- Ағын су астында шайып, барлық уақытта щеткалау керек.
- Қайнатқыш бөлік шүмегін ауыстырыңыз, оның тығыздағышқа дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау келіпдік күшін жояды.

Басқа тазалау операциялары

1. Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен ықшыс сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
2. Сүзгі ұстағышты, сүзгілерді, тамшы науасын және су ыдысын тұрақты түрде тазалаңыз. Тамшы науасын босату үшін, кесе науасы торын алып, суды төгіңіз де, науаны шүберекпен тазалап

алыңыз: одан кейін тамшы науасын орнына салыңыз.

Су ыдысын түбіне дейін тазалау үшін, жұмсақ щетканы пайдаланыңыз.



Қайым! Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Біз кофе жасағыштың қағын шамамен 200 кофе жасалған сайын тазалауды ұсынамыз. Біз дүкеннен сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын пайдалануды ұсынамыз.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. Таңдағыш тетікті  бағытына
3. Сүзгі ұстағыш бекітілмегенін тексеріңіз және капучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
4. ОК шамы жанғанша күтіңіз
5. Таңдағышты  бағытына бұрап, ыдыстың ішіндегі ерітіндінің 1/4 бөлігін құйыңыз: бу тетігін бу шығару үшін әлсін-әлсін ашып жүріңіз. Одан кейін таңдағышты  бағытына бұрау арқылы тоқтатып, ерітіндіні 5 минутқа жұмыс істетіп қойыңыз.
6. Ыдыс босағанға дейін 5-бөлімді тағы 3 рет қайталаңыз.
7. Қақ тазалау ерітіндісінің қалдықтарын кетіру үшін, су ыдысын жақсылап шайыңыз және таза сумен толтырыңыз (қақ тазалағыш ерітіндісі қосылмаған сумен).
8. Таңдағышты  бағытына бұрап, ыдыс босағанша су құйыңыз.
9. 7 және 8-қадамдарды қайталаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз

Үлгі: "

Кернеу: "

Жиілік: "

Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,

Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Эспрессо кофесі ақпайды	Ыдыста су жоқ.	Су ыдысын толтыру
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмектеріндегі тесіктерді тазалаңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"Қайнатқыш бөлік тесігін тазалау" тарауында көрсетілгендей етіп тазалаңыз

Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың ж и е к т е р і н е н тамшылайды	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбағын	Сүзгі ұстағышты дұрыс бекітіңіз және оны орнына мықтап бұраңыз
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған	Эспрессо кофесін қайнатқыш бөлігінің толтырмасын қызмет көрсету орталығына ауыстыртыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы шүмегінің тесіктері бітелген	Шүмектеріндегі тесіктерді тазалаңыз.
Эспрессо кофесі салқын.	Кофе түймешігі басылған кезде, эспрессоның ОК шамы жанады	ОК шамы жанғанша күтіңіз
	Алдын ала қыздыру қадамы орындалмаған	Осы тарауда көрсетілгендей алдын ала қыздырып алыңыз
	Кеселер алдын ала қыздырылмаған	Кеселерді қақпақтағы кесе жылытқыш плитаға кемінде ыстық суға 20 минутқа қалдыру арқылы алдын ала қыздырыңыз
Сорғы дыбысы қатты шығады	Су ыдысы бос	Су ыдысын толтыру
	Ыдыс дұрыс салынбаған және астыңғы клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз
Кофе кілегейі таза болады (ол шүмектен тез ағады)	Ұнтақ кофе жеткілікті деңгейде басылмаған	Ұнтақ кофені көбірек басыңыз (10-сурет)
	Ұнтақ кофе жеткілікті емес	Ұнтақ кофенің мөлшерін көбейтіңіз
	Кофе жеткілікті деңгейде ұнтақталмаған	Эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз
	Ұнтақ кофе түрі дұрыс емес	Ұнтақ кофе мөлшерін өзгертіңіз

Кофе кілегейі қоңыр (ол шүмектен жай ағады)	Ұнтақ кофе тым тығыз басылған	Кофені азырақ басыңыз (6-сурет)
	Ұнтақ кофе тым көп	Ұнтақ кофенің мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"Эспрессо қайнатқыш бөлігі тесігін тазалау" тарауында көрсетілгендей етіп тазалаңыз.
	Сүзгі бітеліп қалған	"Сүзгіні тазалау" тарауында көрсетілгендей етіп тазалаңыз.
	Кофе тым майда етіліп тартылған	Эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз
	Ұнтақ кофе тым майда немесе ылғалды	Эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз және ол тым ылғал болмауы керек
	Ұнтақ кофе түрі дұрыс емес	Ұнтақ кофе мөлшерін өзгертіңіз
Каппучино жасау кезінде сүт көпіршімейді	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес	Сүтті әрқашан тоңазытқыш температурасында пайдаланыңыз
	Каппучино жасағыш кірлеген	Каппучино жасағыштағы тесіктерді әсіресе 21-суретте көрсетілгендей етіп тазалаңыз.